



Бекітемін: 

«Талпын» инклюзивті
оңалту балабақшасы

директор Махутова М.Х.

«28» _____ 2025 ж.



Мектепке дейінгі ұйымның мұғалім-дефектологінің
2025-2026 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты: ЕББҚ бар балаларға білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламаларын игеру барысында арнайы түзетуші-дамытушы көмек көрсету.

Міндеттер:

- балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу;
- балаға бағдарламалық материалды игеру кезінде кездесетін қиындықтарды анықтау;
- ЕББҚ бар әр бала дамуының оңтайлы бағытын анықтау;
- баланың даму динамикасын зерделеу, балалардың нақты жетістіктері мен даму деңгейі оқу бағдарламасына сәйкес келуін бақылау;
- түзету педагогикасы мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін арттыру. Оларды өзара әрекеттесудің әртүрлі формаларын қолданып отырып, түзету және тәрбие процесіне белсенді қатысуға тарту.

№	Жұмыс бағыттары	Өткізу мерзімдері
I. Ұйымдастырушылық		
1	Әдістемелік әдебиеттерді және нормативтік құқықтық құжаттарды зерделеу.	Қыркүйек
2	Медициналық құжаттама мен ПМПК хаттамаларын зерделеу.	Қыркүйек
3	Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуын тексеруді өткізу. Балалардың психикалық дамуының бастапқы кешенді жан-жақты диагностикасы. Сөйлеу карталарын, мұғалім-дефектолог құжаттамасын толтыру. Психикалық даму тежелісі бар балаларға өтеуші бағыттағы топ педагогтері тарапынан балалар іс-әрекетінің әркелкі түріндегі ҮІӨ ұйымдастыру үшін шағын топтарын қалыптастыру	Оқу жылының басында, ортасында және аяғында өткізіледі. Тексеру мәліметтері бойынша балалардың сипаттамалары жасалады. Зерттеу деректері мен сипаттамалары жеке карталарда жазылады. Оқу жылының аяғында мұғалім-дефектолог барлық жүргізілген зерттеулердің деректері талдайды және жинақтайды (түзету оқыту процесінде баланың даму динамикасы).
4	Ақыл-ой және сөйлеу функцияларының алыптасу деңгейі мен бұзушылықтар дәрежесіне қарай кіші топтарды жасақтау, кіші топтардың ізімдерін бекіту.	Қыркүйек
5	Жеке жоспарларды мен бағдарламаларды тірлеу. Интеграцияланған іс-әрекет кестесін құру.	Қыркүйек

4	Жеке және кінш топтағы арнайы түзетуші іс-әрекетті жоспарлау	Жыл бойы
5	Өзара байланыс жобаларын рәсімдеу	Жыл бойы
6	Оқу жылының жұмыс қорытындысын шығару. Оқу жылы үшін талдамалық есепті жасау және тапсыру.	Сәуір-мамыр
7	Педагогикалық кеңеске оқу жылында атқарылған жұмыстың аналитикалық есебін ұсыну.	МДҰ жоспарына сәйкес

II . Диагностикалық

1	Балалардың медициналық карталарын және ПМПК хаттамаларын талдау; - тәрбиеленушілерді бақылау; - әр баланың психикалық даму ерекшеліктерін анықтау (танымдық іс-әрекет, эмоциялық-жігерлі сала, жетекші қызмет); - түзету-дамыту тәрбиесі мен оқыту процесінде жұмыс формаларын, әдіс-тәсілдерін анықтау.	Оқу жылының басында (бастапқы диагностика)
2	Арнайы ұйымдастырылған жағдайларда даму динамикасының ерекшеліктерін анықтау мақсатында балаларды тексеру; - түзету жұмыстарының тиімділігін анықтау; - тәрбиеленушілерді бақылау (жеке бағдарламалар бойынша).	Қаңтар (аралық диагностика)
	- балалардың даму динамикасының сипатын анықтау мақсатында балаларды тексеру;	Мамыр (қорытынды диагностика)

-жазғы кезеңде түзету-дамыту іс-шараларын жүргізу үшін ұсынымдар жасау.

III. Түзетуші-дамытушы

1	Кіші топтық және жеке арнайы түзетуші іс-әрекет. Балалардың танымдық және эмоциялық-жігерлі саласын түзету мен дамыту. Әр баланың даму ерекшеліктерін анықтау.	Жыл бойы
2	Сабақтарға дидактикалық материалдарды дайындау: топ тәрбиешілері және мамандармен өзара жүйелі с-қимыл.	Жыл бойы
3	Жеке, кіші топтық түзету-дамыту сабақтарын өткізу: 1. Сенсорлық және сенсормоторлық даму 2. Кеңістіктік-уақыттық түсініктерді қалыптастыру 3. Қоршаған орта объектілері мен құбылыстары туралы жан-жақты түсініктерді қалыптастыру, сөздікті байыту, жүйелі сөйлеуді дамыту. 4. Мнемикалық үдерістердің дамуы.	Оқу жылы ішінде
4	Мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамытуға бағытталған түзету және дамыту сабақтарына балалардың мотивациясын дамыту.	Жыл бойы

5	ЕББҚ бар балалармен түзету-дамыту процесін жүргізу барысында жанашыл әдістерді, озық педагогикалық технологияларды, тұлғаға бағытталған тәсілдерді қолдану.	Жыл бойы
6	Мектеп жасына дейінгі баланың бойындағы қарым-қатынас жасау, мінез-құлық, әртүрлі іс-әрекетпен байланысты бастапқыдан кейінгі қайталама бұзушылықтардың алдын алу бойынша арнайы түзетушілік жұмыс.	Жыл бойы

IV. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара әрекеттестік

№	Жұмыс формасы	Мазмұны	Күні
1	Ата-аналар жиналысында жалпы тәрбие мен оқыту мәселелері бойынша сөз сөйлеу және әңгімелесу. Ата-аналармен жеке кездесу және әңгімелесу (шақыру және жеке өтініш бойынша); Педагогтерге жеке кеңес беру (сұраныс бойынша); Ата-аналарға сауалнама жүргізу; Топтағы сабақтар, ойындар, режимдік процестер кезінде балаларды бақылау, кейін барлығын талдау.	Ата-аналар жиналысының тақырыптар үлгісі: - «Балабақшадағы мұғалім-дефектолог қызметінің маңызы»; - «Аралас топтарда ПДТ бар балалардың жұмысын және сүйемелдеуін ұйымдастыру»; - «ЕББҚ бар мектеп жасына дейінгі балаларда сенсорлық тәрбие негіздерін қалыптастыру»; - «Аралас топ жағдайында ПДТ бар балалардың ойын іс-әрекетін дамыту»; - «Балабақшада серуендеу кезінде ПДТ бар балалардың танымдық белсенділігін дамыту»; - «Дамуы кешеуілдеп келе жатқан балаға қалай көмектесуге болады: ойыннан сабаққа»; - «Балабақшадағы өтеуші тәрбие негіздері»; - «Ата-аналарды балалардың дамуындағы мониторинг нәтижелері және динамикасымен таныстыру, жеке түзету-дамыту бағдарламаларын іске асырудың тиімділігін талдау»;	Жыл бойы (айларға бөліп жазу)

		- Жалға арналған ұсыныстар.	
2	Консультативтік Ата-аналармен жеке әңгімелесу және кеңес беру; - балалардың даму ерекшеліктеріне, белгілі бір білімді игерудегі қиындықтарға байланысты жалпы мәселелерді ескере отырып, ата-аналардың жекелеген топтарына кеңес беру.	Баланың тияккерлік, психологиялық және танымдық дамуын диагностикалау нәтижелері бойынша кеңес беру. Кеңес беру тақырыптарының үлгілері: - «ЕББҚ бар баламен арнайы түзету-дамыту іс-әрекетін ұйымдастыру»; - «Баланы үйде жүріп те дамытамыз»; - «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың сенсорлық дамуы»; - «Кеністік пен уақытты бағдарлаймыз»; Ата-аналарға баланы оқыту, дамыту және тәрбиелеу жөнінде жеке кеңес беру, бірлескен практикалық жеке сабақтарға қатысуға тарту.	Жыл бойы
3	Жеке консультациялар Кеңес беру, бірлескен жұмыс жоспарын құру және т. б. мақсатта ата-аналардың сұранысы бойынша.	Тақырып бойынша кеңес беру: - «Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалар іс-әрекетінің жетекші түрі»; - «Қолтілдесім (тактильдік) қабылдауды дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар». «Әлеуметтік өзара әрекеттесуі бұзылған жағдайда балаға көмектесу жолдары»; - «Гипербелсенді бала»; - «ПДТ балалардың математикалық қабілеттерін қалыптастыру ерекшеліктері»; - «Қарым-қатынас дағдылары бұзылған баланың эмоционалды саласын дамытуға ықпал ететін ойындар мен жаттығулар»; - «Баланың дамыту үшін құм терапиясын қолдану»; - «Балалардағы аффективті ұшқалдар»;	Ата-аналардың сұранысы бойынша

		- «Баланың қиялы және шығармашылық қабілеттерін дамыту»; - «Баланы табандылық пен зейінділікке қалай үйрету керек»; - «Ұсақ моториканы дамытуға арналған саусақ ойындары»; - «Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларда кеңістіктік түсініктерді қалыптастыру»; - «Балаларға жұмбақ шешуді үйретіңіз»; - «Ата-аналарға ПДТ бар балалардың еске сақтау қабілетін дамыту туралы ұсыныстар».	
4	МДҰ сайтында ақыл-кеңес беру (ата-аналарға арналған консультациялық пункт аясында жұмыс ұйымдастыру)	Ата-аналармен өзара әрекеттестікте атқарылатын іс-шаралар: - «Мектепке дейінгі жастағы ойын іс-әрекетінің ерекшеліктері»; - «Оқу бала үшін нені білдіреді?»; - «Дамытушы заттар әлемі»; - «Баланың қолтілдесім сезімдерін дамытуға және түзетуге арналған ойындар»; - «Балабақшаға барар жолда зияткерлік ойындар ойнау»; - «Балалармен серуендеу. Балаларды қоршаған әлемді бақылауды және тануды үйретеміз»; - «Көрнекі-бейнелі ойлауды дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар».	Тоқсанына 1 рет
5	Педагогикалық кітапхана	Ата-аналарды педагогикалық, дефектологиялық және психологиялық танымал әдебиетпен таныстыру. Топтарда кітап бұрыштарын жабдықтау.	Жыл бойы

МДҰ буккроссинг орнын жабдықтау және ұйымдастыру.

V. Мамандар және педагогтермен өзара әрекеттесу

1	Аралық мақсатты бағдарлау нәтижелері бойынша балалармен жұмыс жүргізу жөнінде кеңестер әзірлеу	Баланың жеке тұлғасын кешенді зерттеу; - топтық және жеке профилактикалық және түзету бағдарламаларын әзірлеу.	Жыл бойы
2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және сүйемелдеудің жеке бағдарларын құру	Тәрбиеленушілердің даму динамикасын қадағалау, арнайы түзету бағдарламаларын, жұмыс әдістері мен тәсілдерін түзету	Жыл бойы
3	Мамандармен өзара әрекеттесу журналы	Балалардың даму мәселелерін талқылау. Балаларды тексеру деректерін үйлестіру.	Жыл бойы
4	Жеке сүйемелдеу бағдарламалары	Консилиум хаттамалары; - жеке сүйемелдеу бағдарламалары; - ақыл-кеңес; - аналитикалық есептер	Жыл бойы
5	Арнайы түзетуші іс-әрекетке қатысу: - тәрбиешілердің мүдделілігі; - арнайы түзетуші іс-әрекетке дайындығы; - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз ету.	Арнайы түзету жұмысының өзекті мәселелері бойынша консультациялар Ұйымдастырылған іс-әрекетті бірлесіп жоспарлау	Жыл бойы

VI. Әдістемелік

1	Семинарлар, конференциялар, шеберлік сағаттары, әріптестердің жұмыстары, дефектология және психология бойынша жаңа әдебиеттермен танысу, нормативтік құқықтық құжаттаманы зерделеу. МДҰ педагогтері және мамандарымен жұмыс (консультациялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, практикумдар, презентациялар, ашық іс-шаралар, шеберлік сағаттары); - МДҰ жұмыс тобының әдістемелік ұсынымдарын зерделеу; - іс-шараларға қатысу; - республикалық, облыстық/қалалық/ аудандық байқауларға, семинарларға қатысу; - қашықтан оқыту курстары; - мұғалім-дефектолог кабинетінде заттық-дамытушы ортаны санитарлық-гигиеналық нормалар мен МЖМБС талаптарына сәйкес құру; - диагностикалық деректерді талдау; - бір жылдағы жиынтық кестелерді талдау; - баланың даму динамикасының кестелері; - ПМПК үшін материалдарды дайындау.	Тақырыптар үлгісі: - «ЕББҚ бар балалармен жұмыста визуалды-колтілдесім оқыту құралдарын қолдану».	Жыл бойы
2	Мерекелік ертеңгіліктерді ұйымдастыруға қатысу: - «Мерекелік іс-шаралар күнтізбесі»; - «Демалыс күндері серуендеу, мақсатты серуендеу және экскурсиялар»; - Фотобайқаулар ұйымдастыру; - Экологиялық акциялар мен экологиялық бағыттағы байқауларға қатысу; - МДҰ сауықтыру бағдарламасына сәйкес іс-шаралар.	МДҰ жылдық жоспарына сай мерекелер мен ойын-сауық. Топ тәрбиешілері, педагог-психолог, мұғалім-логопедпен бірге тақырыптық ертеңгіліктер, концерттер, шеберлік сағаттарын, топ/балабақша жоспарындағы тақырыптар бойынша ашық көрсетілімдер; - Балабақша жобалары	Оқу жылы ішінде

		«Достардың туған күндері», «Мерекелік қарбалас», «Көктемде қонақта— Наурыз», «Мамандық формуласы»; «Менің қаламдағы/ауылымдағы күз», «Менің отбасым» және т.б.	
3	Іс-шаралар: - мектепке дейінгі топтың балаларын мектепке бейімдеу жөнінде; -әлеуметтік-эмоционалдық даму бойынша іс- шараларды ұйымдастыру (этикалық тәрбие, этикет, патриоттық тәрбие, құқықтық тәрбие, еңбек тәрбиесі, өмір қауіпсіздігі негіздері).	Ұйымдастыру: - мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке экскурсиялары; жылдық жоспарға сәйкес ҚТӨ, ЖЖЕ, ӨҚҚ бойынша іс-шараларды жоспарлау; - жобалық іс-әрекетті енгізу: «Менің дегом», «Театр және біз», «Менің сүйікті кітаптарым» және т.б.	Оқу жылы ішінде
4	Педагог-психологпен бірлескен жұмыс	Жұмыс бағыттарының ортақ мақсаттары мен міндеттерін анықтау: - қабылдау; - еске сақтау; - зейін; - ойлау қабілеті; - тәрбиеленушілердің жеке қасиеттері.	Оқу жылы ішінде
5	Мұғалім-логопедпен бірлескен жұмыс	Жұмыс бағыттарының ортақ мақсаттары мен міндеттерін анықтау: - дыбыстарды, буын құрылымы күрделі сөздерді айтуды жақсарту; - фонематикалық естуін жақсарту; сөздік құрам, грамматикалық және синтаксистік сөйлеу құрылымы бойынша жұмыс; - жазбаға сөйлеуді қалыптастыру.	Оқу жылы ішінде

6	Педагогикалық кеңеске дайындық	1. Осы мәселеге қатысты ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу. 2. Педагогикалық кеңес тақырыбы бойынша педагогтердің жұмыс тәжірибесінен хабарламалар дайындау. 3. МДҰ жұмыс жоспарына сәйкес тақырыптық бақылау бойынша мәселелерді дайындау және қарастыру.	МДҰ жұмыс жоспарына сәйкес
7	Семинар-практикум	Семинар тақырыптарының үлгісі: - мұғалім-дефектологтің мектеп жасына дейінгі балалармен жұмысының формалары мен әдістері; - МДҰ ПДТ балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері; - Зияткерлік қызметі бұзылған, сенсорлық және моторлық кемістіктері кезіндегі логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері.	МДҰ жұмыс жоспарына сәйкес
8	Кәсіби құзыреттілікті арттыру	Мұғалім-дефектолог мамандардың әдістемелік бірлестігіне қатысуы; - өз білімін жетілдіру арқылы өзінің кәсіби біліктілігін арттыруы; - кәсіби қауымдастықтар /қала/аудандық/ шеңберінде әдістемелік бірлестіктерге қатысуы; - біліктілікті арттыру курстарынан өтуі; - біліктілік санатын аттестаттау (беру/растау); - жұмыс тәжірибесін жинақтау және БАҚ-та жариялау.	Жыл бойы

9	Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру	Әдістемелік әдебиетті сатып алу; - дидактикалық ойындарды тандау; - тақырыптар бойынша дидактикалық ойындардың картотекасын құру. - кабинетті көрнекі, дидактикалық материалдармен толықтыру және т. б.	Жыл бойы
---	---	--	----------